



**№1 (42)  
2016**

**Меншік иесі және баспагер:**  
«Қазақстан Республикасының  
Заңнама институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**  
Журналдың материалдары  
www.iz.adilet.gov.kz сайтында  
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша  
диссертациялардың негізгі ғылыми  
нәтижелерін жариялауға арналған  
басылымдар тізіліміне енгізілген  
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.  
№894 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес:**  
Б.М. Имашев (Төраға)  
З.Х. Баймолдина  
А.С. Тукиев  
И.Ш. Борчашвили

**Редакциялық алқа:**  
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Е.А. Дүйсенов  
Д.Ж. Игембаев  
А.Қ. Қанатов  
В.Т. Қоныс  
Ж.О. Құлжабаева  
Ш.Р. Мырзаева  
С.М. Рахметов  
А.Ж. Сағидан  
Ә.Г. Сактағанов  
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
БАҚ есепке қою туралы куәлігі  
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

**Мекен-жайы:**  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қ.,  
Орынбор қ., 8 үй  
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43  
E-mail: instzak-kz@mail.ru  
www.iz.adilet.gov.kz

# Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

**ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ**

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                                                                                      |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі) .....                                                         | 5  |
| «Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы .....                                                                                                                    | 6  |
| <b>Конституциялық және әкімшілік құқық</b> .....                                                                                                                                                                     | 8  |
| А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті) .....                                                                                                                     | 8  |
| Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы .....                                                                                                                      | 15 |
| Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....                                                           | 21 |
| <b>Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы</b> .....                                                                                                                                                                  | 27 |
| В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау) ..... | 27 |
| Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері .....                                                                                                                          | 32 |
| Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....                                            | 37 |
| <b>Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу</b> .....                                                                                                                                                               | 40 |
| З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне .....                                                                                   | 40 |
| Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....                                                                                                                     | 46 |
| Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері .....                                                           | 53 |

|                                                                                                                                                                               |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану .....</i>                                                                                                                    | 56  |
| М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны .....                                       | 56  |
| А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау .....                                     | 67  |
| Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру .....                                       | 73  |
| <i>Құқықтық мониторинг .....</i>                                                                                                                                              | 79  |
| З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі .....                                                                    | 79  |
| И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері .....                                           | 84  |
| <i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен .....</i>                                                                                                                       | 90  |
| М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты .....                                                                                                           | 90  |
| Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер .....                                | 95  |
| <i>Шетелдік тәжірибе .....</i>                                                                                                                                                | 99  |
| Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау) .....                                      | 99  |
| <i>Жас ғалым мінбері .....</i>                                                                                                                                                | 105 |
| М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу .....                                           | 105 |
| А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде .....                                                                                                               | 109 |
| А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары .....                                                                          | 113 |
| Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы .....                                            | 119 |
| М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары .....                                                                                                   | 125 |
| Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі .....                                                  | 130 |
| Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас..... | 134 |
| А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде .....                                                                                                          | 140 |
| Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде .....                                                       | 143 |
| <i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>                                                                                                         | 148 |



**№1 (42)  
2016**

**Собственник и издатель:**  
ГУ «Институт законодательства  
Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**  
Все материалы журнала  
размещаются на сайте  
[www.iz.adilet.gov.kz](http://www.iz.adilet.gov.kz)

Включен в перечень изданий  
для публикации основных  
научных результатов диссертаций  
по юридическим наукам  
(Приказ ККСОН МОН РК №894  
от 30.05.2013 г.)

**Редакционный совет:**  
Б.М. Имашев (Председатель)  
З.Х. Баймолдина  
А. С. Тукиев  
И.Ш. Борчасвили

**Редакционная коллегия:**  
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Е.А. Дюсенов  
Д.Ж. Игембаев  
А.К. Канатов  
В.Т. Конусова  
Ж.О. Кулжабаева  
Ш.Р. Мырзаева  
С.М. Рахметов  
А.Ж. Сагидан  
А.Г. Сактаганов  
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке  
на учет СМИ № 11219-Ж  
от 15.11.2010 г. Комитета информации  
и архивов Министерства культуры  
и информации Республики Казахстан

**Адрес:**  
Республика Казахстан,  
010000, г. Астана,  
ул. Орынбор, д. 8,  
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43  
E-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[www.iz.adilet.gov.kz](http://www.iz.adilet.gov.kz)

# Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА  
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

## СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                                                                                                   |           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| О заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба Министерства юстиции РК) .....                                                        | 5         |
| 10-летие научно-правового журнала «Вестник Института законодательства Республики Казахстан» .....                                                                                                 | 6         |
| <b>Конституционное и административное право .....</b>                                                                                                                                             | <b>8</b>  |
| А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская государственность и ее наследие (историко-правовой аспект) ....                                                                                     | 8         |
| Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и правовое качество: диалектика взаимозависимости .....                                                                                                | 15        |
| Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в государственных органах, как эффективный компонент транспарентного и подотчетного государства .....                                                  | 21        |
| <b>Гражданское и гражданско-процессуальное право .....</b>                                                                                                                                        | <b>27</b> |
| В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное разрешение споров в США: анализ основных преимуществ и недостатков).....   | 27        |
| Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом праве Республики Казахстан .....                                                                                                               | 32        |
| Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий «экологическое управление» и «экологический менеджмент» в контексте совершенствования экологического и предпринимательского законодательства ..... | 37        |
| <b>Уголовное право и уголовный процесс .....</b>                                                                                                                                                  | <b>40</b> |
| З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социокультурных основах терроризма и экстремизма и путях их предотвращения .....                                                                           | 40        |
| Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних .....                                                                                                        | 46        |
| Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества, присвоения или растраты вверенного чужого имущества, совершаемых лицом с использованием своего служебного положения .....                              | 53        |

|                                                                                                                                                                                   |            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>Международное право и сравнительное правоведение .....</b>                                                                                                                     | <b>56</b>  |
| М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР .....                                                             | 56         |
| А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ .....                                                | 67         |
| Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития ..... | 73         |
| <b>Правовой мониторинг .....</b>                                                                                                                                                  | <b>79</b>  |
| З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения .....                                                                    | 79         |
| И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска .....                                    | 84         |
| <b>Из практики законодательства на государственном языке .....</b>                                                                                                                | <b>90</b>  |
| М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов .....                                                                                                        | 90         |
| Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан .....                                     | 95         |
| <b>Зарубежный опыт .....</b>                                                                                                                                                      | <b>99</b>  |
| К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ) .....                                            | 99         |
| <b>Трибуна молодого ученого .....</b>                                                                                                                                             | <b>105</b> |
| М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности .....                                                 | 105        |
| А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора .....                                                                                                         | 109        |
| А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения .....                                                                               | 113        |
| Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан .....                                                                       | 119        |
| М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах .....                                                                                                                 | 125        |
| Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан .....                                                       | 130        |
| Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд ....               | 134        |
| А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров .....                                                                                                    | 140        |
| Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан .....                                                          | 143        |
| <b>Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова .....</b>                                                                                                                        | <b>148</b> |



**Орсаева Раиса Ануарқызы,**

*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты*

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ТОПТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы дерлік халықтың жағдайын жақсартуға, әлеуметтік, экономикалық салалар мен жас ұрпақтың болашағына арналғанын көреміз. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында (2007) біздің және сыртқы саясатымыздың 30 басты бағыттары анықталып, сараланғаны белгілі. Елбасы «өз назарымызды кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуі проблемасына аударып, мұны кеміту шараларын қолдану міндет» екенін баса көрсеткен болатын [2].

Елбасының одан кейінгі «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17.01.2014) және «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» (11.11.2014), «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» (30.11.2015) атты Қазақстан халқына Жолдаулары да Қазақстан болашағын өрге жетелейтін жас өрендер болашағын байланысты істелер істерді саралаған Жолдаулар [3]. Талпынған жастар үшін істеліп жатқан, істелетін, кезегін күткен істердің барлығы өресі кең еліміздің қанатын кеңге жая алатындығын көрсетсе керек.

Қазіргі кезде әртүрлі бағдарламалардың деңгейінде білімін басқа елде жетілдіріп жатқан жастарымыз қаншама, десеңізші. Бұл-әрине, көңілге қуаныш ұялататын жайт. Десек те, көңілге кірбің түсіретін жайттардан да кенде емеспіз. Ол – ат төбеліндей аз ғана жастарымыздың ағат басып, қоғамға жат әрекеттерге барып, өзіне ғана емес, өзгеге де өз зиянын тигізуі.

Қалай десек те, олар да қоғамның белді бір мүшесі болғандықтан, шеттете алмайтынымыз анық. Сондықтан, оларды түсіну үшін кейде

олардың орнына өзімізді қойып көргеніміз де жөн сияқты болып көрінеді, бұл әрине, мүмкін емес. Содан болар тағы да, біз ғалымдар зерттеулеріне, олардың нақты тұжырымдары мен пікірлеріне жүгінеміз, жүгініп қана қоймай, өз пікірімізді де, қосуға ниеттенеміз.

Жалпы кәмелеттік жасқа толмаған балалар қылмыстық құқық бұзушылығының жағдайын, салалығын түсіну үшін ең алдымен олардың жас шамасын анықтау басты орын алады. Яғни жеткіншектер қылмыстық құқық бұзушылығының түсінігі жас мөлшерімен тығыз байланысты (14-тен 18 жасқа дейінгілер). Осы орайда жасы толмағандар қылмыстық құқық бұзушылығының өсуіне 10-13 жастағы жасөспірімдер де құқық бұзушылығымен өз үлесін қосып отырғанын айта кетсек артық емес.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, жасы толмағандар қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы түсінік 14 пен 18 жас аралығындағылардың жас тобымен тығыз байланысты. Осы жас аралығындағы (14-18) жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтарының өсуіне әсер етушілік – 10-13 жас аралығындағы жасөспірімдер тарапынан орын алып отырғанын өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр. Сондықтан да, бұл мәселені құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес шараларын ұйымдастырған кезде есепке алып отырған абзал.

Қазақстан Республикасының белгілі криминолог-ғалымдары (Ө.С. Жекебаев, Е.І. Қайыржанов) назарынан кәмелетке жасы толмағандардың қолымен іске асқан қылмыстарға қоса, олардың топ болып қатысуымен іске асқан қылмыстық әрекеттері де тыс қалмағанын олардың ғылыми зерттеу жұмыстары дәлелдегендей.



Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 27 бабына сәйкес, екі немесе одан да көп адамдардың қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады [1].

Қылмыстық құқық теоретиктері соттық тәжірибеге үн қата отырып, қылмысқа қатысу формалары, қылмысқа қатысушылардың түрлері оларға жүктелетін қылмыстық жауаптылық, қылмысқа қатысқан үшін жаза тағайындау қағидаларын терең зерттеп, мұқият көңіл аударуда.

Профессор Ө.С. Жекебаевтың пікірінше, қылмыстық топты криминологиялық тұрғыдан қарасақ, «ол қылмыс істеу мен басқа да қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталып, өз құрамындағы мүшелеріне кері әсерін тигізуімен сипатталатын кішкене ғана тұйық топ» [5].

Одан әрі профессор Ө.С. Жекебаев қылмыстық топты бөліп алып көрсетеді, яғни қылмысқа қатысушылар қылмыстық мақсат жағынан бірімен-бірі байланысты болса да, олардың әрқайсысы қылмысқа қатысушылардың көмегінсіз-ақ, қылмыстық нәтижеге жете алды. Ондай топта «кету», «бас тарту», «қате» сияқты ұғымдарды сезіну өте төмен деңгейде болғандықтан, қылмысқа қатысушылардың қайсысы болса да зиянын тигізбей, қылмыстық топтың қызметін тоқтата алмайды. Бұндай топтардағы мүшелердің бір-бірімен қарым-қатынасы тұрақтылығымен ерекшеленбейді, сондықтан қылмыстық топ қылмыстық нәтижеге жеткен соң тарап кетеді. «Бастаушы» болып қылмысқа қатысушылардың бірі кездейсоқ тұлға болғандықтан, социологияда оны ситуациялық лидер [4] деп атайды.

Көптеген тәжірибе көрсеткендей, кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылығы үнемі топтық сипат алатындығы белгілі. Олардың жастары арасындағы айырмашылық, психологиялық және басқа да жеке бастарының ерекшеліктері біріккен топтың қимылын, іс-әрекетін көрсетеді.

Топтық сипат алатын жасы толмағандардың қылмыстық тобының алған бағыты-пайдакүнемдік, бас пайдасын ойлаушылық екені айтпаса да түсінікті. Содан болар, бас пайдасын көздегендіктен, олар қоғамға қарсы жат әрекетті көздеп, өздеріне ғана пайдалы, талап-тілектерін қанағаттандыра алатын ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты қылмыстың ауыр түрлеріне барады.

Жалпы, қылмыстық топтың құрылуы жай

құрылудан басталып, күрделі құрылыммен аяқталады. Жай құрылым-кездейсоқ кездескендерден құрылып, кездейсоқтық сипат алса, күрделі құрылым – алдын ала келісілген, ұйымдасқан топ болуы мүмкін.

Сондықтан да, олардың қылмыстық қызметі нәтижелі болып, қылмыстық топтың істеген әрбір қылмысынан кейін қоғамдық қауіп күшейе түсері айдан анық.

Қылмыстық топтың кез келген мүшесі істеген қылмысынан кейін өзіне-өзі сенімі артып, келісіп жасалатын қылмысқа нық сеніммен баратындықтан, олар көбінесе, ауыр қылмыс істеуге ниеттенеді. Соның нәтижесінде олардың қылмыстық «тәжірибесі» тез жетіліп, істелген әрекеттері арқылы тигізер зиянның өсіре түседі.

Кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық тобы бірнеше адамнан құралатындықтан, 2-3 адамнан құралған топ аз топ, 4 немесе одан да көп адамнан құралса, орташа топ деуге болады. Аралас топқа атынан көрініп тұрғандай, жас жағынан ересектер адамдар да кіруі мүмкін.

Мәселен, 2012 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәмелетке толмағандар қолымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық 576 рет орын алса, соның 196-ы Өскемен қаласына тиесілі екенін көрсетті. 2013 жылы бұл көрсеткіш 702-ге жеткендігімен алаңдатып, Өскемен қаласы бойынша 185 қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алғанын дәлелдеді. Осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде 35 қылмыстық әрекеттің кәмелетке толмағандардың 2-3-тен бірігіп, топ болып қылмыстық құқық бұзушылыққа барғанын паш етті. 2015 жылғы көрсеткіш кәмелетке толмағандардың топ болып жасаған қылмыстық құқық бұзушылығына қоса, ересектердің жас жеткіншектерді «қылмыс құралы» ретінде пайдалануымен де ерекшеленгенін айтпаса болмайды.

Жалпы екі немесе оданда да көп жасы толмағандардың қатысуымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үнемі қоғамға жоғары қауіп төндіретіні белгілі. Топ құрамындағылардың біріне-бірі қолдау көрсетуі-қылмыс жасауға тез шешім қабылдауын нығайтып, күш пен мүмкіндіктерін күшейте түседі. Бұл – заңмен қорғалатын кез келген нәрсеге үлкен зиян келтіру қауіпін туғызады.

Топқа біріккен жасы толмағандарға көбінесе, тұрақсыздық басым, десек те, олар аз уақыт болса да, құрамын сақтап, «уыстарына» түскендерді жібермеудің амалын қарастырады, тек нәтижеге жеткенде ғана тарап кетуі мүмкін. Дегенмен де, олардың ішінде ұзақ уақыт бойы «қызметін»

жалғастыра беретін тұрақтылары да кездеседі.

Ресейлік ғалым Н.И.Гуковская жасы толмағандар қылмысының себептерін ашуға ниеттенген еңбегінде топтық қылмыстың жасөспірімдердің өмірінде үлкен орын алғанын айта кетіп, сотталған ересектердің басым көпшілігінің жасөспірім кезінде қылмыстық топ құрамында болғанын ашып көрсеткен. Ғалымның зерттеулері көрсеткендей, 40% ересек қылмысқа қатысушылар 20 жаста немесе одан да жасы үлкен болғанын көрсеткен.

Н.И. Гуковская сонымен қатар, тергеу органдары мен кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияның бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстарының жеткіліксіздігін айта келіп, ол жеткіліксіздіктің күнделікті жасөспірімдердің қылмыстық әрекетімен дәлелденіп отырғандығын баса көрсетіп, тағы да алаңдатушылық білдірді.

Қылмыстық құқық ғылымы жасы толмағандардың қылмыстық топқа тарту тәсілінің қызметіне баса назар аударып, аралас қылмыс құрамын шектеу, жаза мен жауапкершілікті жеке дараландыру мәселесін қояды. Тек бұл жерде қылмыстық топтың ерекшеліктерін еске сақтаған абзал.

Ересектердің жасөспірімдерді өздерінің қылмыстық топ құрамына тартуы көп болмаса да, кездесетіні өмір шындығы. Соңғы кезде, 10-13 жас аралығындағы жасөспірімдердің топ құрамына кіріп, олардың еліктеушілік танытуы, санын көбейе түсуі алаңдатарлық нәрсе.

Қылмыстық топта жас ерекшеліктерінің үлкен орын алатынын мәлімдеген ғылымдар (Н.С. Лейкина, М.М. Бабаев, Н.Ф. Кузнецов, Г.И. Шинкова, Г.М. Мудюгина, В.Н. Кудрявцев) бұл орайда ересектер ықпалының зор екенін мәлімдей келіп, алдын - алу шараларын қарастыруды алдыға қояды.

Жасөспірімдерге ересек балалардың ықпалы зор екенін жоғарыда айтып кеттік. Ересектер топ құрамын құрған 18 жастағылар - 33%, 19 жастағылар – 28% болған болса, олардың өздерін 10-13 жасында дәл өздері сияқты ересектер өз қатарына қосып, қылмыстық әрекетке пайдаланған екен [6].

Бір көңіл аударарлық жайт, қоғамға жат қылмыстық әрекет жасаған балалардың көпшілігі оқуға ынтасының жоқтығымен, немқұрайлығымен ерекшелінген. Көбісі мектепке бір барып, бір бармаса, енді бірінің мектептен кетіп қалуы не болмаса барса да, өз-өзімен жекеше күй кешуі анықталған. Ал, қоғамдық пайдалы іспен айналысу деген

олардың ойына кіріп те шықпаған.

Жалпы топтық қылмыстың, адам өміріне болсын, қоғамға болсын қауіптілігінің зор екені айтпаса да түсінікті. Топтық қылмыстың қоғамға қауіптілігі олардың қолымен іске асқан қылмыстың сипатымен ерекшеленіп, үш көрсеткіш негізінен бағаланады, ол: қылмыстық топтың істеген қылмысының саны, қылмыстық топтың өмір сүруінің ұзақтығы, топ құрамына кіретін адамдар шаралардың тиімділігіне қоса, нәтижесін көрсетсе керек.

Қылмыстық топтың әрекетін зерттеген зерттеулер қылмыстық топтың тек бірден ғана қылмыс жасап, одан кейін өз әрекетін тоқтатқанын көрсеткен.

Жалпы қылмыстық топтың өмір сүруінің ұзақтығын зерттеп, зерделеген белгілі ғалымдар (И.И. Карпец, С.С. Остроумов) 75% қылмыстық топ бір-екі күннен өмір сүрсе, 9 % топтың екі айдан астам тұрақтылығын сақтағанның тілге тиек еткен. Оған «Қырғызстандағы екі айдан астам өз күшін сақтаған 21% топтың қылмыстық әрекеті дәлел болатынын» атап көрсеткен [8, 9].

Ресейлік ғалым Н.Н.Мидлер қылмыстық топтың қатыгездік әрекеті осы тұрақты топтармен жүзеге асатынын айта келіп, олардың алдын алмаса, болашақта ересектер тобының санын толықтыратынын атап өткен [10].

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржановтың пікірінше, «қылмыстық топтың құрамын анықтау барысында, 34% топтың екі адамнан, 32% топ құрамы үш адамды құрағаны анықталған. Ал, топ құрамына кірген 34% - 3 адам, 9% - 5 адам санын құрап, өз әсерлерін маңайындағыларға тигізуімен қатар, қылмыстық топқа жаңа балаларды тартумен ерекшеленген» [7].

Заң ғылымдарының докторы, профессор Ө.С. Жекебаев топ құрамына кірген кәмелетке жасы толмағандардың жас мөлшері әр жас өкілдерінен тұратынын айқындап берген [6].

Сонымен қылмыстық топ құрамы ауытқушылық танытып, бірде біркелкі жас өкілдерін топтастырса, бірде әр жастағы балалар аумағын қамтып, өзгертіп отыратындығымен белгілі болды.

Біздің зерттеулердің дәлелдеп бергеніндей, көптеген жағдайлар жасы толмағандардың қылмыстық тобы кездейсоқ құрылса, кейде тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Кездейсоқ құрылған топтардың қоғамға қауіптілігінен гөрі тұрақты қылмыстық топтың айналасына қауіптілігі басым болғандықтан, ол олармен профилактикалық жұмыстың үздіксіз жүргізілуін

кажет етеді.

Кездейсоқ құрылған топтар көбінесе, жасы толмағандардың бос уақытының көптігінен құрылып, «уақыт өткізушілер» құрамын толықтырған. Мұндай топтар 10-15 адамның құрылып, екі жұма, бір ай, кейде ғана 2-3 ай «өмір сүрген».

Топтық қылмыстылық ерекшеліктерінің бірі-бір қылмыс істегеннен кейін басым көпшілігінің өмір сүруін тоқтататындығы. Сондықтан да, мұндай топтардың жай қылмысқа қатысулары формасында болатынын тағы да еске сала кеткен артық емес.

Белгілі ғалым К.Бегалиев қараусыз, қадағалаусыз қалған балалар қылмысына тоқтала келіп, жеке жүріп істеген жасы толмағанның әрекетінің зардабынан, топ болып істеген жасы толмағандар қылмысының зардабы басымырақ болатынын дәлелдеген [4].

Жалпы қылмыстық топтың мақсаты-қылмыстық топқа бірігіп, қылмыстық әрекет жасау.

Өмірлік тәжірибе көрсеткендей, көп уақытқа дейін тұрақтылығын сақтаған қылмыстық топтар ұсталып, жазаға тартылмаса, олар өздерінің жазаланбайтындықтарына сенімдікпен қарап, сенімі нығая түсетіндіктен, ұйымдасқан сипатқа ие болады. Сөйтіп, олардың істеген қылмыстарының саны өсе түсіп, ауыр қылмыс жасауға ниеттенеді. Тұрақсыз топтарға тез тарап кету тән болса, тұрақты топ керісінше, өздерінің қылмыстық топ лидерлерімен немесе оның орынбасарымен басқарылып, олар өздерінің ұйымдастырушы не болмаса қылмысқа басшылық жасаушы ретінде көрінеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабы 3-тармағы бойынша, «қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады» [1].

Белгілі криминолог-ғалым Ө.С.Жекебаевтың ғылыми тұжырымы бойынша, кәмелетке жасы толмағандар қылмыстық топта лидерін тағайындамайды, ол топтың өсу, қалыптасу кезеңінде стихиялы түрде бөлініп шығады. Яғни, лидер болу үшін белгілі бір қасиеттерімен ерекшеленуі қажет. Лидерлікке көбінесе 20-22 жасар жастар алынып, олар өздерінің қылмыстық тәжірибесінің біршамалығымен, өмірге көзқарасының өзгешелігімен, шешімділігімен, өжеттілігімен, белсенділігімен көзге түседі [5]. Барлық топтағылар оның идеяларына

бағынып, оның айтқанын істейтіндіктен, лидер топтағы тәртіпті белгілеп, «жаза» мөлшерін тағайындайды немесе жанжалды шешеді.

Сонымен қатар, лидер топ арасындағы байланысты ұстап, жаңа хабарлар болса құлаққағыс жасап, үнемі топ, мүшелерінің көңіл-күйін, өзара қарым-қатынасын бақылап отырады. Десек те, лидердің топқа қаншалықты пайдалы екені көріне бастағаннан-ақ, қылмыстық топ арасында «үкімет» үшін күрес басталып, ол жанжал, келіспеушілік туғызатындықтан, бұл көбінесе ол топтың ыдырауына алып келеді. Тағы бір айта кететін жайт, лидердің басқару ерекшелігіне жасы толмағандар тобының тұрақтылығы көп әсер етеді. Мәселен, топ басында бірбеткей лидер тұратын болса, топтың ұйымдасқанын көрсетеді.

Қылмыстық топ арасында жанжалдың болуы - болып тұратын құбылыс. Оған басты себеп-топ мүшелерінің арасында теңдіктің жоқтығынан болса керек.

Қатардағы мүше бала өз пікірімен санаспайтын лидердің үнемі берген бұйрығынан шаршауы мүмкін, содан барып, наразылықтан жанжал шығуы да ықтимал. Жанжал кейде бөліске түскен зат үшін де болуы мүмкін.

Қылмыстық топ мүшелерінің лидер болғысы келуі немесе оған жақындай түсуі-әртүрлі жанжалды шиеленістіре түседі.

Егер қылмыстық әрекет жемісті болған жағдайда, бірте-бірте топ мүшелері өз рөлдерін бөліседі: бір тікелей орындаушы болса, екіншісі қылмыс объектісін іздейді, үшіншісі ұрланған заттарды бөледі. Осылайша, олардың арасындағы қарым-қатынас тек «жұмыс» жөнінде болып, негізін біріккен қылмыстық әрекет құрайды.

Криминологиялық маңызға ие болатын нәрсе-оларды топқа бөлу. Осыған байланысты олардың түрлеріне:

- кездейсоқ топтар;
- бұзақылық бағыттағы топтар;
- ұйымдық дәрежесі жоғары ұйымдасқан топтар жатады.

Бұлардың ішіндегі қауіптісі-ұйымдасқан топ болса, оған өзіндік көзқарас, тәртіп нормасы қалыптасқандар ғана кіреді. Олардың басты мақсаты-үлкен пайда келтіретін бірнеше қылмыс жасау. Бұндай топтарда пайданы бөлу де, топ мүшелерінің алатын орнына қарай үлестіріледі. Лидер түскен пайданың негізгі бөлігін алатындықтан, қалғандары үнсіз келісуге мәжбүр болады.

Қылмыстық топтардың маңызды элементтерінің бірі-қылмысты іздеу тәсілі болғандық-



тан, дайындау әрекеті қосымша келісім мен қылмыстық топ құрудан, қылмыстық функцияны бөлуден, құралдары дайындаудан, қажетті жабдықтарды алу мен барлап келу сияқты әрекеттерден тұрады.

Кей кездері жоғарыда айтып кеткендей, кәмелетке жасы толмағандар қылмыстық құқық бұзушылықтары стихиялы түрде болуы да мүмкін, сондықтан, бірден тұтанып, бірден жүзеге асатындықтан, олар қылмыс орнын, іздерін анда-санда ғана жойып үлгереді, көбінесе, қылмыс істеп, асығыс кетіп отыратындықтан, ұрланған заттарды көбінде үйдің төбесінде, құрылыс немесе салынып жатқан үйлерде тығатындықтардан, ол қылмыс ашылған кезде белгілі болады.

Топтық қылмыстық күннің қай мезгілінде болсын бірден ұйымдастырылып, бірден әрекетке көшуі таңқаларлық нәрсе емес. Десек те, өшпенділік, қатыгездікпен істелген топтық қылмыс көбінесе, кешкі мезгілде болады. Жасы толмағандардың топтық қылмысы орын алған жерді тексеру барысында табылатын шырынның бос шынылары, тәттінің қалдықтары соны айғақтай түседі. Ұрлық істеуге барған жасы толмағандарға тән белгі ретінде - олардың ұрлық істеген жерінде ыдыстарды сындыруын, тауарлар мен азық - түлікті шашуды айтсақ та жеткілікті. Жас ерекшеліктеріне қарай, олар өз талап-тілектерін қанағаттандыру мақсатына ең бағалы заттарды, ұялы телефон, ноутбук сияқты тауарларды алып етуді бірінші кезекке қояды.

Оған қоса соңғы кезде олардың есірткі шегуге әуестігі де жиі кездесуде. Бұл - жасы толмағандардың ересектерден көргенін істеуге талпынуынан болуы да мүмкін.

Кәмелетке жасы толмағандардың тонау, қарақшылық кезінде аяусыздық танытып, зиян келтіріп, денеге жарақат салуы қоғамға төнер қауіпті күшейте түскендей. Көптеген топтың қылмыстық ниеті-ашу, кек, өзінің маңайындағыларға «күшті» ретінде өзін көрсету. Сөйтіп, өзін қоршаған ортада танылып, өзіне назар аударту.

Біз белгілі ғалымдардың баға жетпес құнды зерттеулерін тілге тиек ете отырып, топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық іс-әрекетін зерттеу арқылы, олардың қоғамға жат қауіпті әрекетін қарастыра отырып, көздеген ниеті мен мақсатына тоқталып, сараладық.

Жалпы сәл кейін шегініп, 2015 жылдың 1-ші қаңтарынан қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің басты

жаңалықтардың бірі - «қылмыстық құқық бұзушылық» институтының енгізілуі [11] болып табылатынын тілге тиек етсек, артық болмаған болар еді.

Заңға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың екі түрі: қылмыс пен қылмыстық теріс қылыққа тұрады. Жаңа қылмыстық кодексте барлығы 156 қылмыстық теріс қылық енгізілген, оның ішіне қазіргі 47 әкімшілік құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған. Бұл қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбісі жеке тұлғаға, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық тәртіпке қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер және т.б. табылады [11].

Көптеген мәліметтер кәмелетке толмағандарды кей кездері топ болып қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелейтін ересектер ықпалының да зор екенін де көрсетуде. Оның айқын айғағы ретінде Өскемен қаласы Сол жағалау полиция бөліміне соңғы бір айда тіркелген 10 қылмыстық құқық бұзушылықтың осы ересектердің тікелей ықпалымен жүзеге асқандығын тілге тиек етіп, айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 2-тарауы «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға» арналып, 132-бабы кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту үшін жауаптылық белгілегені белгілі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 132 - бабының 3-тармағы «... күш қолданып немесе күш оны қолдану қатерін төндіріп жасаған іс-әрекеттерді...», 4-тармағы «... кәмелетке толмаған адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға тартуға байланысты іс-әрекеттерді...» саралаған.

Біздің пікірімізше, 5-тармағында қарастырылған «...он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалау» жеңіл жаза сияқты, сондықтан, бас бостандығынан айыру мерзімін «өмір бойына бас бостандығынан айыруға» ауыстырса, дұрыс болған болар еді. Олай деуге басты себеп, Қазақстан мемлекеті өзінің жарқын болашағын бүгінгі бала ертеңгі жастармен байланыстырғанын ескерсек, болашақта санасы таза, ойы тұнық ұрпақтың өсі жетілуі үшін оларды қылмыстық құқық бұзушылыққа итермелейтін, еліктіретін, тура жолдан тайдырып, өмір тәлкегіне ұшырататын жат қылыққа жаны жақын адамдардан алшақ ұстау керек сияқты.

Болашақта жалпы қылмыстылықтың санын толықтыратын осы жеткіншектер болатын болғандықтан, олардың қолымен істелген қоғамға жат іс-әрекетке тойтарыс беру – баршаның ісі болмақ. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «болашақ тізгіні бүгінгі жасөспірімдермен тікелей байланысты» деген сөзін айтпасқа болмайды.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, кәмелетке жасы толмағандар қылмыстық құқық бұзушылығы күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналып, істеліп жатқан ауқымды істерге істелер істер шеруін қосады десек, қателеспейміз. Кәмелетке жасы толмағандар қылмысы болашақта ересектер қылмысының орнын толықтырмас үшін олармен үздіксіз жұмыс жүргізу – өмір талабы.

Сондықтан, біздің пікірімізше, мектептерде аптасына бір рет қана өтетін «Құқық негіздері» пәнінің ауқымын кеңейтсек, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті жетілдіру саласы бойынша қосымша сабақтар жүргізу үрдісін қалыптастырсақ, құқық бұзушылықты жойып жібермесек те, азайтуға үлес қосарымыз сөзсіз.

Сондай-ақ, мектеп инспекторлары сынып жетекшісі мен тәрбие ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасарларымен бірлесе

отырып, айына бір рет болса да, құқық тақырыбына байланысты бастауыш және жоғары сынып оқушылары арасында дәрістер, дебаттар, сұрақ-жауап түріндегі әртүрлі деңгейдегі ойындар, викторина, қылмыстық жауаптылыққа қатысты конкурстар өткізіп отырса, азда болса, нәтижесін берер еді. Ол нәтиже – бала қандай да болмасын құқық бұзушылыққа барар кезде көмегін тигізіп, баланың ол қылмыстық құқық бұзушылықтан бас тартуына себеп болуы мүмкін. Ол нәтиже- баланың құқықтық білімінің жетіліп, құқықтық санасының толысуына да бірден-бір себепкер болуы мүмкін.

Қалай болғанда да, біздің ойымызша, құқық бұзушылық ары қарай қылмыстық құқық бұзушылықтың жалғасы болмас үшін жалпы қылмыстық көрсеткішті толықтырмас үшін ересектер тарапынан да қырағылықтың болуы міндетті. Қырағылық – әрбір ата-анаға тән қасиет болса, сол қырағылық үнемі жүзеге асса, өз нәтижесін беретініне күмән жоқ.

Сонда ғана қылмыстық құқық бұзушылық жайлы сөз қозғамай, керісінше, жасөспірімдердің жарқын болашағы жайлы ғана сөз қозғайтын боламыз. Сонда ғана салихалы ой толғайтын талғампаз, жасампаз жасөспірімдер жайлы ғана ой толғайтын боламыз. Көп болып жұмылсақ, ол істердің ауылы да алыс емес сияқты.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (қолданыстағы редакциясы 01.01.2015 ).
2. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана: «Новый Казахстан в новом мире» от 28 февраля 2007 г. // Казахстанская правда. - 2007. - 1 марта.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - 2014 жыл 11 қараша.
4. Бегалиев К. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних.- Алма-Ата, 1980.- С.35
5. Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения.- Алма-Ата, 1971. - С. 27.
6. Жекебаев У.С и др. Соучастие в преступлениях. - Алма-Ата, 1981. - с. 31.
7. Кайржанов Е.И. Назначения по делам несовершеннолетних. – В сб.: Вопросы борьбы с преступностью. - Алма-Ата, 1988. - С. 20.
8. Карпец И.И. Наказания: социальные, правовые и криминогенные проблемы. -М., 1981. - С. 23.
- 9.Остроумов С.С. Некоторые вопросы изучения правонарушений среди несовершеннолетних. - В сб.:Изучение, предупреждение правонарушений среди несовершеннолетних. - М, 1990. - С. 18.
10. Мидлер Н.Н. Характеристика групповых правонарушений младших подростков. - В кн.: Научная информация по вопросам борьбы с преступностью. - М., 1980, № 6.
11. Нурпейсова К.Б. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексіндегі соны өзгерістер.- Қайнар: 2014, 24 қыркүйек. (<http://kzl.sud.kz>)



Мақалада автор кәмелетке толмағандардың топтық қылмысына қылмыстық-құқықтық баға беріп, оның ерекшеліктерін көрсете отырып, алдын-алу жолдарын қарастырған.

**Түйінсөздер:** қылмыстылық, топтық қылмыс, жасөспірім, ескерту, алдын-алу, профилактикалық шаралар.

В статье рассматриваются особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних и их причины. Также рассматривается вопрос о предупреждении преступности несовершеннолетних.

**Ключевые слова:** преступность, групповое преступление, подросток, предупреждение, меры профилактики.

In the article an author examines the features of group crimes of minor and her reason. Also given уголовно-правовые features of criminal responsibility minor.

**Keywords:** The criminality, the batch crime, teenager, notice, measures of the prophylactic.

**Раиса Ануарқызы Орсаева,**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының доценті, з.ғ.к.

**Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері**

**Орсаева Раиса Ануаровна,**

доцент кафедры уголовного права и уголовного процесса ВКГУ им. С. Аманжолова, к.ю.н.

**Особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних**

**Orsaeva Raisa Anuarovna,**

Candidate of Law, associate professor of the Department of Criminal Law and Criminal Procedure EKSU. S.Amanzholov

**Features group of criminal offenses among minors**